



• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## Тиімді шешімдер кезеңі

Өздеріңіз білесіздер осыдан екі жыл бұрын 5 маусымда жалпыхалықтық референдум өткені баршаңызға мәлім. Ол кезде Конституциямыздың 33 бабына түзетулер енгізілді. Осылайша, Президентіміз алдағы конституциялық өзгерістерді, еліміздегі маңызды мәселелерді қоғамдық талқылауға салудың маңыздылығына тоқталды.

Еліміздегі Конституциялық нормаға сәйкес республикалық референдум өткізудің бірқатар оң тұстары бар. Біріншіден, бұл мемлекеттік маңызға ие проблемаларды халық болып талқылауға салу. Осы талқылауға қоғамның ойы мен сұранысы ескеріледі. Екіншіден, халықты жалпыхалықтық референдумда дауыс беру үрдісіне тарту. Бұл арада азаматтарымыздың белсенділігі мен саяси қатысуын назарға алу, олардың қызығушылығын арттыруға ықпал ету.

Әрине, физика пәнінің мұғалімі ретінде, елімізде АЭС салуды қолдаймын. Халқымыз ең алдымен АЭС еліміздің экономикалық әрі саяси саласына ықпал ететінін білсе екен деймін. Біз жан-жақты саралап, зерттеп, зерделеп еліміздің болашағына тиімді шешімді шығарамыз деп сенемін. Өйткені қазір әлеуметтік желіде АЭС туралы қызу талқылаулар жүріп жатыр.

Халқымыз БАҚ беттерінен арнайы мамандардың тұшымды пікірлерімен танысқан болар. Ең бастысы, қоғам пікірі қажетті мәселеде оны біртұтас ел болып талқылауға салуды дұрыс деп санаймын. Еліміз өз игілігіне тиімді шешімді қабылдайды деп сенемін.

Мемлекет басшысы әрбір Жолдауында бұдан былай қоғам пікірі ескерілетінін үнемі тілге тиек етіп жүр. Қазір билік пен халықтың арасында байланыс орнады. Бұл өрне дұрыс деп санаймын. Себебі, жоғары билік халықтың ойымен, мұңымен санасуы керек. Әрбір азамат өз еліндегі болып жатқан саяси болсын, әлеуметтік болсын, елдік мәселе болсын барлығын бірігіп шешкені дұрыс деп ойлаймын.

Соңғы кездері «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жан-жақты қолдана бастадық. Бұл да ел игілігіне бағытталған іс-шаралардың бірі деп білемін.

**Темірлан КАКЕНОВ,**  
«Молодежный Альянс» ҚБ  
төрағасы

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

## Шағын гранттың шапағаты

Мемлекет мүмкіндігі шектеулі жандарды шеттетпеудің амалдарын жасауда. Бұл істе үкіметтік емес сектордың да өзіндік үлесі бар. Сондықтан, үкіметтік емес ұйымдар мен бастамашыл топтардың мүмкіндіктерін пайдаланып, күрмеуі күрделі мәселенің шешілуіне дем берген тиімдірек. Биыл наурызда бастау алған «Қазақстанда мүгедектігі бар адамдарды азаматтық қоғам күштерімен әлеуметтендіру және жұмысқа орналастыру жөніндегі шараларды іске асыру» жобасы дәл соны көздейді.



**Жаная ОМАРБЕК,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба Мәдениет және ақпарат министрлігінің қаржылық қолдауымен еліміздің үш өңірінде – Шымкент қаласы, Түркістан және Қарағанды облыстарында пилоттық негізде қолға алынған. Оны іске асырушы – «Қорған-М» қоғамдық бірлестігі. Бірлестік менеджері Анна Малютина жоба жергілікті үкіметтік емес ұйымдар мен бастамашыл топтардың көмегімен мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталғандығын айтады.

Жоба аясында осы үш өңірден 39 өтінім түсті. Нәтижесінде, Түркістан облысы бойынша – 10, Қарағанды облысы мен Шымкент қаласы бойынша 5 шағын грант бөлінді. Әр сертификат 1 млн теңгені құрайды. Шағын гранттар мүгедектігі бар азаматтарды әлеуметтендіру және жұмыспен қамту ісіне бағытталатын болады. Бүгін біз Қарағанды облысындағы жеңімпаздарды марапаттау үшін осында келдік, – дейді Анна Малютина.

Оның айтуынша, біздің аймақ пилоттық жобаға алдын ала жүргізілген бірқатар әлеуметтік зерттеулер негізінде енгізілген. Әуелі мүгедектігі бар адамдардың саны, басты мәселелері анықталып, зерттелді.

Басты мәселе, бізде мүмкіндігі шектеулі адамдардың барлығына бірдей кедергісіз орта қалыптаспаған, – дейді Анна Малютина. – Ірі мегаполистерде бұл мәселенің шешілуі жақсырақ, ал, шалғай елді мекендерде мүмкіндік мүлде жоқ. Сосын, жұмысқа орналасу мәселесі. Осы тұрғыдан жұмыс беруші мен жұмыскер арасындағы қарым-қатынас негізі дұрыс емес. Жұмыс берушілер ондай адамдарды жұмысқа алғысы келмейді. Сондықтан үкіметтік емес ұйымдарды тарту арқылы осы мәселені қоғамға жеткізіміз келеді.

Облыс әкімінің мүгедектігі бар адамдар мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Нияз Сүндеталиев жобаға ұсынылған бизнес жоспарлардың барлығы да маңызды, сауатты екенін атап өтті.

Біздің өңірден 9 өтінім түсті. Конкурстық комиссияның мүшесі ретінде жеңімпазды анықтағанда ұсынылған жұмыстардың маңыздылығына, тұрақтылығына, грант қаражатын тиімді пайдалана білуіне қарадық, – дейді.

Алдағы уақытта Балқаш қаласында жаңа ипотерапия орталығы ашылуы бек мүмкін. Қала тұрғыны Меруерт Қасымова ұтып алған грантын осы мақсатқа жұмсайтынын айтты.

Менің жеке кәсібім жылқы өсірумен байланысты. Мүмкіндігім бар болған соң ерекше балаларға бір көмегім болсын

деген ниетпен осындай бастаманы қолға алдым. Бастапқыда 2-3 баланы қабылдап көремін. Ипотерапияның оң әсері жайлы деректер көп. Грант қаражатына арнайы орын, ертоқымдарын алуды жоспарлап отырмын, – деді ол.

Жоба аясында «Өмір сыйла» қайырымдылық қоры да жеңімпаз атанды. Қор құрылтайшысы Марина Бошель бұл қаражаттың үлкен көмегі екенін тілге тиек етті.

Қор екі жылдан бері тек құрылтайшылардың қолдауының арқасында жұмыс істеп келеді. Сондықтан, бұл көмек біз үшін өте маңызды. Әрі бұл – біздің қол жеткізген алғашқы грантымыз. Қор сүт бездері обьрына шалдыққан әйелдерге көмек береді. Бүгінде 50-ден астам адам бар. Мемлекет ол науқастардың бәріне көмектесуде. Бірақ, адам емнен кейін әдетте жалғыз қалады. Біз әрқайсына көмектесіп, қамқорлық, мейірім танытамыз. Науқастарды кәсіпкерлік негіздеріне, тігіншілікке үйреткіміз келеді, – деді Марина Бошель.

Жоба ұйымдастырушыларының айтуынша, гранттың тиімді жұмсалыуына бақылау жасалады. Оның нелері есебін беруге міндеттелген. Әрі олар ұсынған бизнес жоспар төрт айда жүзеге асырылуы керек. Яғни, шағын грант шараларын көретін уақыт алыс емес.

Сурет автордан

• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

## Жетекші энергия көзі

Қазіргі заманауи технологиялар энергияны көп қажет еткендіктен энергия көздерін зерттеу бүгінде маңызды бола түсуде. Ғылымның дамуымен қатар су электр станциялары мен жылу электр станцияларының, сондай-ақ қайта қалпына келетін энергия көздерінің рөлі электр энергиясын өндіруде күннен-күнге артып келеді. Жылу электр станцияларында энергия көмір немесе газ есебінен өндіріледі. Мұндай энергия өндірісінің шикізат бағасы күн сайын өсіп келеді. Ал, атом электр станциясы (АЭС) отын ретінде өте аз мөлшерде уранды пайдаланып, өте көп мөлшерде энергия өндіреді.

Көптеген елдерде атом электр станциялары өнеркәсіптік және тұтынушылық мақсатта қолданылатын электр энергиясымен қамтамасыз ететін негізгі көздердің бірі болып табылады. Бастапқыда баламалы энергия көзі болып есептелген ядролық энергия тез арада әлемдегі жетекші энергия көздерінің біріне айналып үлгерді.

Барлық қауіпті ескере отырып, қазіргі уақытта дамыған елдерде болып жатқандай өндіріс секторларын және электр энергиясына деген жалпы қажеттіліктерді қанағаттандыруда ядролық энергетика елдің экономикасына оң әсер ететін энергия көзі ретінде есептеуге болады.

Ядролық қалдықтар және сол сияқты зиянды факторлар барынша ескерілген жағдайдың өзінде АЭС-тердің қоршаған ортаға келтірген залалы өте төмен екенін айта кету керек. Қазіргі уақытта АЭС-тің негізгі бәсекелесі жылу электр станциясы болғандықтан, сонымен салыстыру орынды деп есептеледі. Атом электр станциясында ауаға бөлінетін зиянды заттар мүлдем жоқ. Сонымен қатар, кейбір атом электр станциялары қаланы ыстық су және жылумен қамтамасыз ету арқылы артылып қалған жылу шығынын тиімді бағытта қолданады.

Қазақстанмен бірге басқа көптеген елдер үшін де атом электр станцияларында электр энергиясын өндіру көмір және газбен қуаттанатын жылу электр станцияларына қарағанда әлдеқайда арзан. Әсіресе, энергетикалық дағдарыс кезінде атом электр станцияларында өндірілетін электр энергиясының құнындағы артықшылық өзіне ерекше назар аудартады. Қазақстан – уранға өте бай ел. Соңғы он бір жылда уран өндірісінде әлемде бірінші болса, уран қоры бойынша әлемде екінші орын алады.

**Еркін ЖЕТПІСБАЕВ,**  
Сұлтанмахмұт атындағы  
қазақ тірек мектебінің директоры  
Бұқар жырау ауданы

• АГРОКЕШЕН

## Қарағанды картобы әлемдік нарыққа шығады

PepsiCo компаниясы 2026 жылы Алматы облысында Lay's чипстерін шығаратын зауытты іске қосуды жоспарлап отыр. Қазір компания жергілікті шикізат жеткізушілерін таңдау үшін Қазақстанның бірнеше ауыл шаруашылығы кәсіпорындарымен ынтымақтастықты бастап та кетті. Солардың бірі – Осакаров ауданы, Ақпан ауылындағы «Найдоровское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Чипс сұрыпты картоп Қарағанды облысында биыл алғаш рет өсірілді. Шаруашылық басшысы Павел Лушактың айтуынша, чипс сұрыпты картоп 80 гектар сынақ учаскесінде өсірілген. Егуге арналған арнайы сұрыпты компания ұсыныпты.

– Бізге сенім артып отыр. Биыл шамамен бір жарым-екі мың тонна картоп жинап, сынақ режимінде қайта өңдеуге жібереміз. 2025 жылы да осылай боламыз. Егер біздің өнім Алматыдағы зауыт ашылғанда, барлық сапа стандарттарына сай келсе, жеткізу көлемін арттырамыз. Ынтымақтастық жұмысқа деген ынтымақты оятады. Өнеркәсіптік өңдеуге арналған картоп – күнделікті асханада пайдаланылатын сұрып емес. Бұл өз кезегінде сатылымды көпелендіру екенін атап өткім келеді. Фермерлер үшін де өте жақсы нәтиже, – дейді Павел Лушак.

Ал, мұндай серіктестік тәуекеліне бірнеше жылдан бері қадам жасалып келеді.

Алғашқы байланыс сегіз жыл бұрын компания елдің нарығы мен қажеттіліктерін зерттеген кезде орнапты.

Аталған компания чипстер өндіру үшін өсірілген картопты сатып алумен қатар, заманауи егіншілік технологияларын енгізуге де септігін тигізеді.

Тәжірибелі мамандар картопты отырғыздан бастап, барлық кезеңдерді мұқият қадағалайды. Соның ішінде суару, өсімдіктерді қорғау бойынша қажетті кеңестер де беріледі.

– Картоп өндірісінің өз нюанстары бар. Бірін үйренеміз, тәжірибе жинаймыз. Ең маңыздысы – тәжірибе арттыру. Өйткені, біз үйренген технологияны барлық алқапта қолданатын боламыз. Өнеркәсіптік өңдеуге арналған картопқа қойылатын талаптар қатаң, құрамында қант пен құрғақ заттардың қажетті көлемде болуын қадағалау керек. Сақтау ерекшелігі де бөлек, – деп атап өтті Павел Лушак.

«Найдоровское» ЖШС алдағы жылы



25 жылдық мерейтойын атап өтеді. Ширек ғасырда шаруашылық ауқымды даму жолынан өтті. Бүгінде 200-ден астам адамды жұмыспен қамтып отырған шаруашылық дөңді, майлы дақылдарды, бұршақ дақылдарын және картоп өсіруге маманданған.

Компания картоп егумен 10 жыл бұрын айналыса бастаған-ды. Ол кезде алқаптар небәрі 70 га болса, қазір 480 га дейін кеңейіпті. Ал, өндіріс 20 мың тоннаға дейін өскен. Бүгінде картоп өнімін

сактайтын алып қойма да салып алған. Келесі жылы тағы бір қойма салу жоспарда тұр. Жоспарлары жүзеге асса, шаруашылық 50 мың тоннаға дейін картоп өсіре алады. Қазір өз өнімімен елдің ішкі нарығын қамтып отыр. Алдағы уақыттағы жеке – Еуропа нарығына шығу.

Айтуларына, биыл ауа райына байланысты егін жинау әдеттегіден кешірек,

тамыз айының соңында басталыпты. Қазір жалпы 57 мың тоннаға жуық өнім жинау жоспарлануда. Астық – 35 мың тонна, картоп 20 мың тонна және екі мың тонна зығыр бар.

Өз тілішімізден

Сурет облыс әкімінің сайтынан



• ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТА

## Чемпиондар ауылда қанаттанады

Бұны ешкім жоққа шығара алмас анық. Бірақ, спорт кешені жоқ ауыл балалары қайтпек керек? Бүгінде бұл мәселе шешімін тауып, жолға қойылған. Бәрі бірден қамтылмаса да, шағын ауылдардың өзінде біртіндеп спорт кешендері салынып, пайдалануға берілуде. Мәселен, жуырда ғана Бұқар жырау ауданының Қарақұдық ауылында спорттық кешен ашылып, тұрғындардың игілігіне пайдалануға берілді. Кешен жергілікті атқарушы биліктің, облыстық мәслихат депутаттарының, сондай-ақ, бала болашағына бейжай қарамаған бұқаржыраулықтардың ортақ күш-жігерімен бой көтерген. Дәл осы жерден еліміздің Көк Туын желбіретіп, Әнұранын әлем төрінде сан мәрте шыққататын атақты спортшылар шығатынына сенімді ауыл тұрғындары.



баскетбол, бокс, дзюдо, ММА, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ бойынша секция ашу жоспарда. Одан бөлек, спорт кешенінің базасында аудандық деңгейдегі спорттық жарыстарды да өткізуге болады.

Спорт кешенінің ашылу салтанатына арнайы келген облыстық мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов ғимаратқа бірлесіп атқарған жұмыстың арқасында қол жеткенін айтады.

– Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жергілікті атқарушы органдардың, депутаттардың, сәулетшілердің, сондай-ақ, аудан тұрғындарының бірлескен күш-жігерінің арқасында мүмкін болды. Бұл жерде кез келген адам жасына және дайындық деңгейіне қарамастан денсаулығын нығайтып, спорттық рухын шыңдай алатын кеңістік құрылды. Спорт кешені Қарақұдық пен оған іргелес елді мекендердің тұрғындары үшін тартылыс нүктесіне айналатынына күмәнім жоқ. Мұнда тек сабақтар мен жаттығулар ғана емес, сонымен қатар, жарыстар, шеберлік сағаттары және түрлі шаралар өтетін болады. Бұл – жаттығу жасайтын жер ғана емес, еліміздің болашақ чемпиондарын дайындайтын орта. Нысанды пайдалануға беру арқылы саламатты өмір салтын одан әрі насихаттауға, ең маңызды міндет – ұлтты адамгершілік және физикалық сауықтыруға жәрдемдесуге септігін тигізетініне сенімдімін, – деді Нұркен Кобжанов.

Спорт кешенінің ашылуына «Қазақстан Барысы-2018» жеңімпазы, қарағандылық балуан Ерлан Шынкеев те қатысты. Ауыл балалары үшін қуанышын жасырмаған спортшы дәл осындай қамқорлық болса, еліміз талай жүлделі орындардан көрінетініне сенімді.



– Бала кезімізде осындай спорт кешендері болған жоқ. Ауылда үй арасында күресіп, алысып жүріп, қалаға келгеннен кейін ғана спортқа ден қойдық. Бірақ, сол кезде қаланың дәл осындай зәулім ғимарат болмаған еді. Ауыл балаларының

спортқа деген құлшынысы ерекше болады. Тек соны көріп, біліп, қамқорлық көрсете білсек, талай Олимпиадада Көк Туымызды желбіретеміз! – деді балуан.

Шынында да, спорткешеніндегі заманауи құрал-жабдықтар сабақтарды жоғары деңгейде өткізуге және маңызды нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік бермек.

Бұқар жырау ауданының әкімі Абылай Сұлтанғали өскелең ұрпақ үшін дәл осындай маңызды қадам жасалғанына қуанышты.

жылдарында біздің жаттықтырушыларымыз Олимпиада ойындарының, әлемнің және Азияның талай чемпиондарын тәрбиеледі. Соның арқасында әлемдік арналарда Қазақстанның Туы желбіреп, Әнұранымыз шырылдап келеді, – деді ардагер.

Орталық жастың да, үлкеннің де жиналатын орнына айналмақ.

Суреттерді түсірген Александр МАРЧЕНКО

– Елдің экономикалық өркендеуін қамтамасыз ету үшін білім беру және денсаулық сақтау мәселелерін шешу, азаматтардың физикалық және рухани дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет екені белгілі. «Спорт – саулық негіз, саулық – байлық негізі» дейді халық. Осы бағытта тағы бір қадам жасадық, табысты болсын, – деді Абылай Сұлтанғали.

Ал, білім беру ардагері Сағат Шадықенов депутаттар мен жергілікті атқарушы органдарға ауыл тұрғындары атынан алғысын білдірді.

– Елімізде спорттың алатын орны ерекше. Ол, алдымен, адамның денінің саулығы болса, еліміз үшін – абырой мен бедел әкеледі. Сондықтан, Қазақстанда дене шынықтыруды дамытуға көп көңіл бөлінеді. Тәуелсіздік

• РЕФЕРЕНДУМ – 2024

## Жүйелі дамуға мүмкіндік береді

Қазіргі таңда қоғамда АЭС салу қызу талқыланып жатыр. Әлеуметтік желіде де пікір көп. Осы ретте елімізде АЭС салу үшін жалпыхалықтық референдум өткізудің маңызы қандай?

АЭС салуда қоғам пікірінің маңызы қаншалықты? АЭС салынатын болса, экономикамыздың барлық салаларына, сондай-ақ, ғылымға, білімге, әлеуметтік салаға оң мультипликативтік әсер етеді, жоғары технологиялық, ғылымды қажетсінетін технологиялар мен аралас салалардың жедел дамуына мүмкіндік береді.

Қазақстанда АЭС салу атом индустриясы үшін және тұтастай алғанда еліміздің бүкіл экономикасы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Егер айтатын болсақ, АЭС салу:

– Елдің ғылыми-техникалық және жоғары білікті кадрлардың өсуіне;

– Құрылыс кезінде 8 000 адамға дейін жана жұмыс орындарын және пайдалану кезінде 2 000 адамға дейін сапалы кадрларды құруға;

– АЭС салу кезінде 1 жұмыс орны экономиканың аралас салаларында 10-нан астам жұмыс орнын құрады;

– Жергілікті өнеркәсіпті дамытуға;

– Меншікті отын базасының әлеуетін кешенді пайдалануға;

– Тұтынушыларды 60 жылдан астам сенімді энергиямен жабдықтауды қамтамасыз етуге;

– Парниктік газдар шығарындылары жылына 8-10 млн. тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Одан бөлек басқа да бірқатар экономикалық, әлеуметтік, техникалық және экологиялық артықшылықтарға ие. Жыл сайын өсіп келе жатқан энергия ташылығын, Қазақстан Үкіметі ресми түрде қабылдаған көміртегіз энергетикаға көшу бағытын, сондай-ақ, елде шикізат және өндірістік базаның болуын ескере отырып, Қазақстанда атом-энергетика саласын дамыту қисындары және заңды қадам болып табылады деп ойлаймын. Референдумның басты мақсаты – қоғам пікірімен санау болып табылады.

Рысқұл РАДАУОВА,  
Абай ауданының Қоғамдық кенесінің мүшесі

• ОРАҚ – 2024

## Бұқаржыраулықтар да белсенді

Облысымыздың Нұра мен Осакаров аудандарының кейінгі астықты өңір – Бұқар жырау ауданы. Биыл мұнда 134,2 мың гектар жерге (соның 100,6 мың гектары бидай) дәнді дақылдар, 4,3 мың гектарға майлы дақылдар тұқымы егіліп, 1694 гектарға картоп, 198,1 гектарға көкөніс отырғызылған еді.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Егінді жинау науқаны ауданда 25 тамыздан басталып, қазірде қарқын алуда. Күзгі жиын-терін жұмыстарына аудан бойынша 245 комбайн (оның жетеуі жаңадан сатып алынған), егін басынан элеваторлар мен астық қоймаларына дән тасымалдау ісіне 500-ден аса көлік техникасы, картоп алқап-

тарында 20 картоп қазғыш пен 18 картоп жинайтын комбайн қатысып отыр.

Ағымдағы жылдың егін орағы науқанын сәтті өткізіп, мезгілінде жетіліп, піскен өнімді шашасыз жинап, қамбаға құйып алу үшін 2620 тонна арзандатылған дизель отынын жеткізуді «Мұнай-Company» ЖШС

мен «Trade Oil» мойындарына алған. Бұл екі оператор дикандарға дизель отынының әр литрін 245 теңгеден босатуға. Сондай-ақ, биылғы егіннің астығын қабылдап алуға сыйымдылығы 28 мың тонналық 1 элеватор («Нұра» АҚК» ЖШС) мен аудан шаруашылықтарында жалпы сыйымдылығы 135 мың тонна болатын 97 астық қоймасы дайындалған.

Кешегі күнге дейін бұқаржыраулық дикандар 40 мың гектар жердің егінін орып, одан 48 мың тоннаның астығын жинап, бастырса, аудан бойынша оның өнімділігі гектарына орташа есеппен 12 центнерден айналуға.

Ал, жиналған 15 гектар көкөніс алқабының 6,5 гектарынан қызанақ, 8 гектарынан қияр, 0,5 гектарынан цуккини (аскабак) өндіріліп, алынды. Картоп жинау жұмыстары енді басталуы тиіс.

– Ауа райының қолайлы әр күнін пайдалана отырып, біз астық жинауды 27 күнде, ал, картоп пен көкөніс жинау науқанын 20 күнде аяқтауды жоспарлап отырмыз, – дейді Бұқар жырау ауданы ауыл шаруашылық бөлімінің басшысы Манат Құрманғалиев.

Сонымен бірге, ауданда шөп шабу науқаны да қатар жүргізіліп, қазірге дейін жоспарланған 387,2 мың тонна шөптің 290 мың тоннасы шабылып, оның 200 мың тоннасы тиісті жерлеріне тасып алынған. Бұқаржыраулықтардың бұл міндетті де абыроймен орындарына күмән жоқ.

Бұқар жырау ауданы

Сурет автордан

• БРИФИНГ

## Қабілетті жастың бәсі биік

Бүгінгі таңда облыс деңгейінде жас мамандарды мемлекеттік қызметке тарту жұмыстары қарқынды жүруде. Биыл алғаш рет өткізілген Өңірлік кадр резервіне іріктеу жас басқарушылардың өңірлік пулын қалыптастырмақ.



Аялым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Өңірлік резервке алынған адамдар сайланатын лауазымдарды қоспағанда, жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналаса алады. Кадр резервінің мүшесі болу үшін үміткерлер осы уақытқа дейін 5 кезеңнен тұратын кешенді іріктеуден өтті. Өңірлік резервке қызығушылық танытқан азаматтардың 244-і заңнаманы білуге арналған тестілеуге жіберілді.

– Қазіргі таңда мемлекеттік аппаратқа білімді, еңбекқор, елге қызмет етуді өзіне парыз санайтын жастар қажет. Олардың бойындағы күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттау, кәсіби мемлекеттік қызметшілердің жана легін қалыптастыру – агенттіктің стратегиялық міндеттерінің бірі. Заңнаманы білуге арналған іріктеудің 2-ші кезеңін 180 қатысушы сәтті тәмамдап, тестілеудің екінші блогына 93 қатысушы жолдама алды. Азаматтардың 91-і тестілеуге қа-

тысты. Іріктеу кезеңін жоғарғы көрсеткішпен тәмамдаған 43 үміткер іріктеудің 4 кезеңіне жолдама алды. Құрылымдық сұхбат кезеңінде 43 үміткер өз жобаларын презентациялау бойынша қорғап шықты. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым, өңірдің экономикасы мен әлеуметтік саласын дамыту бойынша өзекті және қызықты жобалар ұсынды, – деп атап өтті Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Жандос Сәрсен.

Үздік жұмыстар қатарында Qazmet компаниясы қызметкерлерінің тыныс-тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, көлік-логистика орталығы, Теміртау қаласының жылу жүйелерін оңтайландыруға бағытталған жобалар бар. Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы жерлерінің пестицидтермен ластану процесін шешу мақсатында жүйелік автоматтандыру жобалары танылған.

Бүгінгі таңда жоба кезеңдері қорытындысымен өңірлік резервке 25 азамат алынды. Олардың резервте тұру ұзақтығы – 2 жыл.

• АЭС – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

# «Балқаш көлі ешқашан тартылмайды»

Бүгінгі күннің басты тақырыбы – АЭС құрылысы. Ойға барсаң да, тойға барсаң да ел аузында – АЭС. Әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз да, теледидарды қосып қалсаңыз да – осы мәселені талқылап жатырмыз. Қалай болғанда да, қарапайым халықтың белсенділігі көңіл қуантады.

Әрине, халықтың алаңдауы – заңдылық. Өйткені, біз АЭС тақырыбы арқылы болашақты талқылап жатырмыз. Өйткені, біз – жарты ғасыр бойы Семей ядролық полигонының зардабын шеккен елміз. «Атом» десе, ат тонын ала қашатын жағдайға түскенбіз. 1986 жылғы Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардабын жоюға сарбаз жіберген елміз. Әлемдегі ең ұқыпты мемлекет Жапониядағы Фукусима апатынан жүрегіміз шайлығып қалған. «Біз де осындай жағдай орын алмасына кім кепіл?», – дейді ел пікірі. «Балқаш айдыны Аралдың кезіні қисе ше?», – дейді экологтар. «АЭС-ке бөлінген қаржы жемқорлардың жемсауына кетеді», – деп, байбалам салушылар да бар.

Халықтың көкейіндегі осы сауалдарға жауап іздеп, Қарағанды зерттеу университеті Ж.Ақылбаев атындағы инженерлік жылу физикасы кафедрасының профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Бекболат Нүсіпбековке жолыққан едік. Көңілдегі күдікті сөйлетер жауап алдық.

– Бекболат Рақышұлы, аймағымызда дәстүрлі емес энергия көздерін зерттеумен айналысып жүрген санаулы ғылымдардың бірісіз. Біздің оқырмандарымызға АЭС-тің тиімділігі жөніндегі Сіздің пікіріңіз бағалы болса керек...

– Рас, мен – осы атом және ядро физикасы, сонымен қатар, дәстүрлі емес энергия көздері саласын ұзақ жылдан бері зерттеп келе жатқан маманмын. Тіпті, біз – отбасымызбен энергетика саласының мамандарымыз. Үлкен ұлым Аян жоғары оқу орнын «ядролық физика» мамандығы бойынша бітіріп, магистрлік диссертациясын Назарбаев университетінде, докторлық диссертациясын Сингапур мемлекетінде қорғады. Кіші ұлым да – жылу энергетикасы саласының маманы. Яғни, біз отбасымызбен бұл мәселенің қыр-сырын жетік білеміз және нақты әрі дәлелді пікірлер айта аламыз.

«Қазақстанда АЭС салына ма? Ол бізге қажет пе?» деген мәселе жылдар бойы талқыланып, күн тәртібінен түспей келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында бұл мәселеге нақты тоқталып, тек Қазақстанда ғана емес, әлем елдерінде энергия тапшылығы сезіле бастағанына алаңдаушылық білдірген. Одан кейін республикалық «Егемен Қазақстан» газетінде берген сұхбатында да бұл мәселе еліміз үшін аса маңызды экономикалық һәм саяси мәселе екеніне тоқталып, нақты шешім қабылдайтын мезгіл жеткенін қадап айтты. Сондай-ақ, бұл тарихи шешімді жалпыхалықтық референдумға шағырып, түпкі шешімді халықтың өзіне қалдырды. Бұл – билік үшін де, халық үшін де тарихи мүмкіндік.

Иә, еліміздегі АЭС құрылысына қатысты сан алуан пікірлер айтылып жатқанын құлақ естіп, көз көріп отыр. Халықты алаңдатып отырған жағдайлардың бәрін түсінемін. Әсіресе, әлеуметтік желілердегі негатив пікірлер халықтың санасына жылдам әсер ететіні белгілі. Оның үстіне, ондай пікірлер әртүрлі мессенджерлер

арқылы тез тарап, миллиондаған қаралым жинап жатқаны да жасырын емес.

Осы тұрғыдан алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі – аса маңызды. Басылым беттерінде, эфирлерден атом саласы мамандарына көбірек орын беріп, қарапайым халыққа түсіндіру жұмыстарын ширатуға тиіспіз. Солай жасап та жатырмыз. Дегенмен, ядролық қару мен атом энергетикасының ара-жігін ажыратып, АЭС-тің жаһандық тұрғыда тиімділігі мен әлемдік тәжірибелер туралы түсінікті тілдегі ақпараттар тапшы. Осы жағына мән беру керек.

Ал, өз басым маман ретінде бұл жобаны қолдаймын. Мен – атом энергетикасы тақырыбына ғылымға қадам басқан сәттен ден қойған адаммын. Кенес дәуірі кезінде Ақтаудағы мини атом электр комбинаты жұмыс істегенін жақсы білесіздер. Ол өз миссиясын толық атқарды. Мен 1997-1998 жылдары, сол станцияны жабатын кезде құрылым аумағында жұмыс атқарған ғылыми-тәжірибелік топтың құрамында болдым. Аса қауіпті ештеңе аңғармадым. Энергия блоктарында да, реакторлар орналасқан жерде де, генераторлар маңында да болдық. Ешқандай сәуле қабылдап, денсаулығымызға зиян келген жоқ. Ақтау АЭЖ-ы – Кеңес кезінде салынған, қауіпсіздігі олқы станция. Ал, біз жобалап отырған АЭС құрылысында барлық қауіпсіздік талаптары ескерілетініне ешқандай күмән келтірмеймін. Қазақстанда АЭС салуға үміткер болып отырған төрт мемлекет те – озық технологияны жетік меңгерген, атом саласында тәжірибесі бар, өздері де АЭС тиімділігіне көз жеткізіп, игілігін көрген елдер.

Сондықтан да, қауіптенетін ештеңе жоқ. – Бізде АЭС құрылысына болашақтың игілігі емес, саяси мәселе деп қарайтындар қарасы көп. Басқа да баламалы энергия көздерін дамыту бағыттарын ұсынып отырған ұйымдар да, жеке тұлғалар да бар...

– Шынымен де, біз – «Жасыл энергия» бағытында бағалы бастамалар мен ұтымды ұсыныстар авторы болып, ЭКСПО өткізген елміз. Бірақ, күн тәртібіне АЭС мәселе көтерілгенде, бұл идеямыздан бас тартып деп те айта алмаймыз. Біз оны дамыта береміз, жаңартылған энергия игілігін халыққа ұсына береміз. Алайда, табиғатқа тәуелді саналатын жел, күн энергиялары тұрақты қуат көзі бола алмайтынынан, бүгінгі, ертеңгі энергия тапшылығын толық жаба алатын жоба АЭС болып тұр.

– Шынымен де, біз – «Жасыл энергия» бағытында бағалы бастамалар мен ұтымды ұсыныстар авторы болып, ЭКСПО өткізген елміз. Бірақ, күн тәртібіне АЭС мәселе көтерілгенде, бұл идеямыздан бас тартып деп те айта алмаймыз. Біз оны дамыта береміз, жаңартылған энергия игілігін халыққа ұсына береміз. Алайда, табиғатқа тәуелді саналатын жел, күн энергиялары тұрақты қуат көзі бола алмайтынынан, бүгінгі, ертеңгі энергия тапшылығын толық жаба алатын жоба АЭС болып тұр.

арқылы тез тарап, миллиондаған қаралым жинап жатқаны да жасырын емес.


Осы тұрғыдан алғанда, бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі – аса маңызды. Басылым беттерінде, эфирлерден атом саласы мамандарына көбірек орын беріп, қарапайым халыққа түсіндіру жұмыстарын ширатуға тиіспіз.

тәуелді саналатын жел, күн энергиялары тұрақты қуат көзі бола алмайтынынан, бүгінгі, ертеңгі энергия тапшылығын толық жаба алатын жоба АЭС болып тұр.

Маман ретінде айтайың, бізде атомнан басқа да энергия көздерін игеруге мүмкіндік бар. Бұл бағыттағы ізденістер тоқтаған



жоқ. Мәселен, жаңағы айтқан жел, күн энергиясынан бөлек, жерасты жылуын пайдаланатын геотермальды энергия көзі бар. Қарағанды зерттеу университетінде дәстүрлі емес жылу көздерін зерттеуге бағытталған «Жылу беру пәрменділігін арттыру» атты ғылыми жоба жұмыс істеп келеді. Ізденіс нәтижелері де жаман емес. Сонда да, АЭС-тің тиімділігі – әлемдік деңгейде мойындалған игілік.



Содан кейін, күн энергиясын өндіретін панельдерге құрамында темір элементтері өте аз, тазалығы 99% болатын кремний қажет. Оның өндірісі Қазақстанда бар. Бірақ, мұндай сирек элементтер өндірісі таза уран өндірісімен бәсекелесе алмай мүмкін. Соған қарамастан, біз баламалы энергия көзін игеруді жалғастыра беруіміз керек.

– Ел көкейіндегі ең басты күмәнің бірі – маман тапшылығы. АЭС салынған күннің өзінде алып станцияны білікті мамандармен жасақтай аламыз ба?

– Әрине, жасақтай аламыз. Бізде қазірдің өзінде атом физикасының қалыптасқан мектебі бар. Еліміздегі жетекші оқу орындарында мамандар даярланып жатыр. Олардың дені шетелдің таңдаулы оқу орындарынан тағылымдамадан өтіп келуде. Кезінде Ақтау станциясында да мамандар болды ғой. Сол кездің өзінде Ақтау АЭЖ-ында өзіміздің жергілікті мамандар жұмыс істеді. Қазір ресейлік «РосАтом» компаниясы Түркияда АЭС салып жатыр. Сол жерде 2000 қазақ жұмыс істейді екен. Тіпті, олардың барлығы қатардағы құрылысшылар емес, 80%-ы – инженерлер. АЭС құрылысы аяқталғанша, тағы мыңдаған маман даярлауға уақытымыз да, мүмкіндігіміз де бар. Сондықтан, ешқандай маман тапшылығы болмайды.

– Елдің ерекше көңіл аударып отырған өзекті мәселесінің бірі – экологиялық ахуал. Қоғам белсенділері «АЭС суды көп қажет етеді. Ертең Балқаш көлі тартылып қалай ма?» деген сауалды көлденең тартып отыр. Сіз не дейсіз?

– Балқаш көлі ешқашан тартылмайды. Иә, АЭС-ке су көп мөлшерде керек. Алайда, жаңа технология судың булану процесінде пайда болған ылғалды қайта пайдалану мүмкіндігіне ие. Сөз басын

сында қалдықтар өте аз мөлшерде болады. Екіншіден, оларды залалсыздандыру үшін көметін жер іздеудің қажеті де жоқ. Заманауи технология бойынша ядролық қалдықтар арнайы қоймаларда сақталады да, белгілі бір мерзім өткеннен кейін оларды отын ретінде қайта пайдалануға болады.

– Сонымен, АЭС-тің ең басты тиімділігі неде?

– Ең басты тиімділігі – энергия тапшылығының жолын кеседі. Энергия тапшылығы – жаһандық проблема. Сон-

«АЭС құрылысына қарсы тарап қуат өндіру нәтижесінде пайда болатын ядролық қалдықтар жөнінде де уәж айтып жүр. Біріншіден, АЭС арқылы қуат өндіру барысында қалдықтар өте аз мөлшерде болады. Екіншіден, оларды залалсыздандыру үшін көметін жер іздеудің қажеті де жоқ. Заманауи технология бойынша ядролық қалдықтар арнайы қоймаларда сақталады да, белгілі бір мерзім өткеннен кейін оларды отын ретінде қайта пайдалануға болады.»

да айтқанындай, ғылым мен техниканың осыныша мүмкіндігін қарапайым халыққа ғылыми тілде емес, ұғынықты тілде түсіндіре беруіміз керек. «Шегірткеден қорқып, егін екпейтін» заманнан өтіп кеткенбіз.

Сонымен қатар, АЭС-тің айналасындағы радиация мәселесі туралы да терең түсіндіру жұмыстары қажет бізге. Мәселен, сонау XIX ғасырда пайда болған рентген сәулесінің радиациялық зияны туралы

дықтан, оған асқан жауапкершілікпен қарауға тиіспіз. Екінші тиімділігі – арзан энергия көзі. Мәселен, 1 кг уран 2400 тонна (40-45 вагон) көмір жағу арқылы алатын энергияны өндіруге қауқарлы. Менің бұл тұжырымдарым болашақта Қазақстан экономикасы көмір өндірісінен, жаңартылған энергия көздерін игеруден бас тартпайды деген сөз емес. Бұл бағыттағы жұмыстар тоқтамайды және көмір мен жаңартылған қуат көздерінің игілігін біз ғана емес, болашақ ұрпақ та көретін болады.

– Бәрекедді! Халықты барынша қаты алаңдатып отырған мәселе – «АЭС құрылысын қай мемлекет жүргізеді?» деген сұрақ. Сіз қай мемлекеттің салғанын қалайсыз?

– Қазір Қазақстанда АЭС салуға төрт мемлекет үміткер болып отыр. Бұл жерде негізгі үш маңызды талапқа мән берілуі керек. Бірінші – қауіпсіздік мәселесі. Екінші – өндіріс қуаты. Үшінші – экономикалық тиімділігі. Ал, ең бастысы – сапа. Осы талаптарға жауап бере алатын жоба ұсынған мемлекет салады. Оны саралайтын арнайы комиссия бар. Біз атап өткен барлық талаптарды қадағалайтын МАГАТЭ секілді Халықаралық ұйымдар бар. Жалпы атомның аты аталған жерде халықаралық қадағалау жүреді. Ол үшін сонша алаңдап, осыныша бас қатырудың қажеті шамалы.

– Қазақстан Президентінің Жарлығымен АЭС құрылысы бойынша жалпыхалықтық референдум 6 қазанға белгіленді. Тарихи бастама қарсылыққа тап болмай ма?

– Жоқ, халық саналы түрде АЭС құрылысын қолдайды. Қазірдің өзінде саясаткерлер референдумға қатысатын халықтың 55%-дан астамы АЭС құрылысын қолдайды деген болжам жасап отыр. Мен одан да көп қолдау болады деп ойлаймын.

Референдум өткізу арқылы халық қалауымен санасу – демократиялық принцип, Президент парасатының өлшемі. Бүгінгі таңда халықтың пікірімен санаспай-ақ, бір-жазы шешім қабылдау арқылы қарсылық жүргізіп жатқан елдер бар. Демократия талаптарын бұлжытпай орындайтын елдер болмаса, кейбір мемлекеттер АЭС құрылысын референдумсыз-ақ жүргізіп жатыр. Оларға қарағанда, бізге үлкен мүмкіндік беріліп отыр ғой. Сондықтан, қалыс қалмай, референдумға қатысып, өз таңдауымызды жасау – азаматтық парызымыз!

– Маңызды ақпараттарды қамтыған сүбелі сұхбатыңыз үшін рахмет!

Сұхбаттасқан  
Ерсін МҰСАБЕК  
«Ortalyq Qazaqstan»

ХАБАРЛАМА	ОБЪЯВЛЕНИЕ
<p>«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бес лауазымға орналасуға конкурстар жариялайды.</p> <p>Конкурсты өткізу күні: 14.10.2024 жыл.</p> <p>Конкурсты өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үйі, 4 қабат, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.</p> <p>1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Көгілдір тоғандар ықшам ауданы, 4 құрылысы мекенжайы бойынша орналасқан «Қарағанды қаласының № 4 емханасы» ҚМК байланыс телефоны 8(7212) 35-96-04. Кәсіпорынның қызметі-медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.</p> <p>Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімін, сондай-ақ, мынадай талаптардың бірінін болуын қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және(немесе) құқық және(немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;</li> <li>– денсаулық сақтау және(немесе) экономика және(немесе) бизнес және(немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.</li> </ul> <p>Байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлана алмайтын тұлғалар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;</li> <li>– заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған;</li> <li>– бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;</li> <li>– байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.</li> </ul> <p>Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басылымдарында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.</p> <p>Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);</li> <li>2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндемесі;</li> <li>3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);</li> <li>4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;</li> <li>5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;</li> <li>6) 2015 жылғы 23 қарашаданғы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;</li> <li>7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.</li> </ol> <p>Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынылған) ұсына алады.</p> <p>Құжаттарды қабылдау күні 12.09.2024 жылдан бастап.</p>	<p>ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленных организациях здравоохранения.</p> <p>Дата проведения конкурса: 14.10.2024 года.</p> <p>Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц – зал, телефон 8(7212) 559784.</p> <p>1. В КГП «Поликлиника № 4 города Караганды» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, микрорайон Голубые пруды, строение 4, контактный телефон 8(7212) 35-96-04. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.</p> <p>Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и(или) экономики/финансы и(или) права не менее пяти лет;</li> <li>– наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и(или) экономики/финансы и(или) права не менее трех лет;</li> <li>– членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и(или) экономики и(или) бизнеса и(или) права.</li> </ul> <p>В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– имеющее непогашенную или неснятую судимость;</li> <li>– являвшееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о признании данного юридического лица банкротом;</li> <li>– ранее совершившее коррупционное правонарушение;</li> <li>– находящееся в отношениях близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.</li> </ul> <p>Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течение тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.</p> <p>Необходимые для участия в конкурсе документы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) заявление об участии в конкур-</li> </ol>



## Көш бастап келеміз

Көк түріктің баласын көгілдір экранға телмүртен V Дүниежүзілік көшпенділер ойынының көкжиегі көрініп, нәтижесі нақтылануға шақ қалды. Көпшіліктің көл-көсір тілегі орындалды десе, болады. 97 медальды таласқа салған Ұлы аламанда Қазақстан құрамасының бабы мен бағы қатар келеді. Бүгінгі таңда 21 алтын, 10 күміс, 17 қола еншілеген ел спортшылары әлемдік есепте 48 медальмен көш басында тұр. Ал, бізден кейін Қырғызстан құрамасы 23 медальмен күміс тұғырға қонды. Одан кейінгі үздік үштікке Өзбекстан спортшылары табан тіреді.



**Жан АМАНТАЙ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Ресей құрамасының әу бастағы қарқыны күшті болғанымен, төртінші орынға түсіп қалды. Ресейден соң Мажарстан, Польша, Үндістан, Франция, Индонезия және Италия құрамалары көңіл толарлық ондықтың қатарында. Алайда, командалар қоржынында әзірге бір-бір алтын және төрт-бес қола медаль ғана бар.

Ұлттық спортты былай қойғанда, өзбек пен сахалықтардың қурашы мен мас-рестлингінен өзге елдің спортшыларын қарсылас құрлы көрмей жатқан қазақ балуандары әлемді абдыратып тастады. Сайыстың әр түрін бақыласақ та, боз кілемге, не алаңға шыққан қазақ шетелдіктерді алып та, шалып та жыққанын анық көрдіміз. Қазақ құрамасына ең көп жүлде әкелген – қазақ күресі, аударыспақ және өзбек қурашы. Бұдан бөлек, командалық сайыстарда көкпардан жерлестер Өзбекстан, АҚШ, Ресей құрамаларын айқын басымдықпен жеңді. Енді ақтық сында көршілес қырғыз ағайындармен сынга түседі. Қос құрама да халықаралық дәрежеде ең жоғары көрсеткіш көрсетіп жүрген мықты командалар. Осы тұста көкпардан ел құрамасының команда капитаны Құрманбек Тұрғанбек пікіріне назар аударсақ.

– Көкпар тек балуандар бақ сынар сынақ емес. Додада аттың да ептілігі мен естілігі ескеріледі. Қаншама еңбектенген жаттығудың арқасында



аттарымызды тактикалық жүйеге үйреттік. Әуелгі қарсылас өзбек ағайындар да осал емес еді. Балуандардың жерден ілу шеберліктері мықты. АҚШ құрамасы да көне бағыстың атакты ковбойларының ұрпақтары екенін дәлелдеп бақты. Аттары икемді әрі шапшаң. Тізгін қағып, тақыммен бұрылады. Алайда, Алаш жаудан қайтқан ба?! Олар аттың құлағында ойнаса, біз жылқымен бірге туғанбыз. 18:00 есебімен бір мүмкіндік берместен тас-талқан етіп жеңдік. Басты қарсылас – айыр қалпақты Қырғызстан Республикасы. Алла қаласа, өз алаңымызда, өз жерімізде бар күшімізді саламыз. Дәл осы көшпелі ұлт мәдениетін маңдай термен дәлелдегенімізді мақтан тұтамыз. Бізге үміт артқан 20 млн халықтың тұрғанын естен шығармақ емеспіз. Өзімізге сенім жүктелгенін білеміз. Бұйырса, сол сенімді ақтаймыз, – деді ол.

Расында, көкпардан қазақстандықтар әзірге шаң ілестірмей келеді. Тіпті, бір ойында салған салымы 15-18-ге дейін жетуде. Қарап тұрсақ, қарсыластар, тіпті, қимылдамаған сыңайлы. Қимылдауын қимылдап қорғанса да, қазақ жігіттері салымды доғарар емес. Осыдан болар америкалықтар, француздар мен италияндықтар қазақ көкпаршыларынан дәріс алмаққа ниетті екенін білдірген.

Бұл аз десеніз, жарыс басталғаны кеше болса да, қазақ күресінен 15 медаль алып үлгерген балуандарымызға корейлік делегациядан шақырту түскен көрінеді. Делегация өкілі Бэ Хансун қазақ күресін өз елдеріне дәріптеуге және нағыз балуан шығаруға ниетті. Сол үшін де дода соңында балуандарға Корея елінен жаттықтырушы жұмысы дайын тұр. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жоғары жалақы төлеуге дайын екенін жеткізіпті Бэ Хансун.

Сондай-ақ, тоғызқұмалақ ойыны, төрткүл дүниені тамсандырған румыниялық 11 жастағы Разван Андрей Мучица көптің көзайымына айналды. Ол небары 4 жасында тоғызқұмалақ ойнауды бастаған. Кейін мектеп оқып жүріп те, Қазақстанда өткен халықаралық сайыстарда жүлделі орындарға ие болған. Қазіргі таңда ЮНЕСКО бойынша, тоғызқұмалақ ойынын насихаттауда Румыния елі көш басында. Айтпағымыз V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны көкестен мақсатына жеткендей. Ұлы даланы мекендеген көшпелі елдің мәдениеті Өлем мәдениетіне айналса, жеңіс емей немене?!

**P.S.** Бет қатталып жатқанда Қазақстан құрамасының қоржыны тағы бес медальға толықты. Бұл жолы спортшылар тоғызқұмалақтан екі алтын, бір күміс және бір қола медаль еншіледі. Оның ішінде, қарағандылық Ансаған Қожанәсіп екі медаль жеңіп алды. Жеке біріншілікте – күміс, командалық жарыста – алтын.

Еске салайық, Қарағанды облысынан барған қос қарлығашымыз – Ажар Салықова мен Ансаған Қожанәсіп екеуі де ел үмітін ақтады.

Сонымен қатар, дәстүрлі садақ атуда жамбы ату стилі бойынша қазақстандық Батыр Бексауыттың бағы жанып, күміс жүлдеге иелік етті.

*Суреттер Ұлттық спорт қауымдастығының сайтынан*

• **ТУРНИР**

## Жақсының атын жаңғыртып...

Арқаға ғана емес, есімі өрелі көрерменге таныс, «Ақпарат саласының үздігі» Ардақ Қабыхановты еске алуға арналған классикалық шахмат және дойбыдан бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері арасында турнир өтті. Доданы облыстық «Saryaqqa» телеарнасы мен Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы, сонымен қатар, «Хабар» агенттігі АҚ Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшілер қосыны ұйымдастырды.



**Ерік НАРЫН,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Турнирдің ашылу салтанатына марқұмның анасы, жұбайы мен баласы, сыныптастары, достары, әріптестері қатысты. Шаршы тақтадағы дода басталмас бұрын Ардақ Қабыханов хақында естелік-

Ардақ Қабыхановты жақындары ғана емес, бірге араласқан достары, әріптестері ұзақ жылдар бойы жүрегінде мәңгі сақтайды, – деді AMANAT партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы, облыстық мөслихаттың депутаты Бекзат Алтынбеков.

– Ойда жоқта Арқа жұрты

Жәнібек Садықанов.

Турнир қорытындысы бойынша дойбыдан «Saryaqqa» телеарнасының ардагер журналисі Сейітқали Әшімов I орын, «Ortalyq Qazaqstan» газетінің дизайнері Айбек Рахымжан II орын, «Бірінші Қарағанды» телеарнасының тілшісі Жанабек Нар III орынды жеңіп алды. Сонымен қатар, «Хабар» агенттігінің арнайы сыйлығын ардагер журналистер Әли Тойжігіт пен Сүйіндік Жаныбай иеленді. Шахматтан ерлер арасында «Новое Телевидение» телеарнасының тілшісі Абылай Аманкүл I орын, «Новое Телевидение» телеарнасының басшысы Руслан Никонович II орын, «Saryaqqa» телеарнасының тілшісі Ботабек Тілегенов пен Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының басшысы Жәнібек Садықанов III орынды қанжығаға байлады. Қыздар арасында шахматтан «Ortalyq Qazaqstan» газетінің дизайнері Арайлым Көктаева I орын, «Saryaqqa» телеарнасының тілшісі Диана Жәмліханова II орынды олжалды. Журналистер одағының арнайы сыйлығын «Балқаш өңірі» газетінің редакторы Қуаныш Аманкүлов және «Saryaqqa» телеарнасының тілшісі Айдана Бекқали алды. Турнир жеңімпаздарының барлығы арнайы дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ардақ Қабыханов еңбек жолын аудандық «Қарқаралы» газетінен бастаған. Облыстық «Saryaqqa» телеарнасында да еңбек еткен.

Бұл турнирге Арқаға белгілі меценаттар атсалысты. Бұл қатарда Серік Қасымбеков те. *Суреттер ұйымдастырушылардан*

• **БӘРЕКЕЛДІ!**

## Азия чемпионатынан – алты медаль

Қазақстандық боксшылар Абу-Дабиде (БАӘ) өткен оқушылар арасындағы бокстан Азия чемпионатында медальдық есепте көш бастады. Түрлі жас санатындағы жас спортшылар 26 медаль еншілессе, оның 12-сі алтын, жетеуі – күміс, қалғаны – қола.



Ал, медаль саны бойынша екінші орында Үндістан құрамасы (8-5-9) тұрса, үшінші орынға арнайы шақыру бойынша Азия біріншілігіне қатысқан Украина командасы (5-10-9) жайғасты.

Ұлттық құрама сапында кеншілер өлкесінен алты былғары қолғап шебері өнер көрсетті. Олар төрт алтын және екі қола медаль жеңіп алып, Арқа жұртының мейріні тасытты.

Айтулы байрақты бәсекеде 61 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Аялуым

Оспанова, 64 келіге дейінгі салмақта Төрехан Қанатбай, 75 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Тимур Тайбеков және 63 келіге дейінгі салмақта Алина Құдайғенова бабында екенін байқатып, Азия чемпионы атанды.

Сонымен қатар, 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Камила Оспанова, 80 келіге дейінгі салмақта Айдана Убайдуллақызы қола жүлдеге ие болды.

**Өз тілшімізден**

• **БАЙҚАУ**

## Хакатон жеңімпазы анықталды

HackTheBookShelf хакатонының қорытындысы шықты. Аталған шараны «Террикон алқабы» ІТ-хабы мен Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапхана өзара ынтымақтастықта өткізді.

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жұмысын жанадан бастаған және тәжірибелі әзірлеушілер үш күн ішінде кітапхана үшін цифрлық өнімнің прототипін жасауы тиіс болды.

Ереже бойынша таңдауға екі кейс ұсынылды. Онлайн платформа және мобильді қосымша. Жоба жасаушыларға функционалдылық, ыңғайлылық, интерактивтілік және кітапхана қызметтерімен интеграция жасау секілді негізгі талаптар қойылды.

Байқауда еліміздің түпкір-түпкірінен 65 ІТ-ұжымы бақ сынасты. Ақтық сыңға 30 команда өтті.

Кейстердің әрқайсысында қазылар алқасы ақшалай сертификаттар алған ең үздік екі қатысушыны таңдады. Бас жүлде Семейден келген үш әзірлеушіден құралған командаға бұйырды. Олар онлайн платформа мен қосымша дайындаған.

– Байқауды кітапханамыздың 90 жылдығына орай өткіздік. Ақпараттандыру,



мемлекеттік қызметтер көрсету және мұрағаттар басқармасына ұсыныспен шықты. Олар бізді қолдады. Біз онлайн қызметтер спектрін жақсартып, кеңейтіп, жастар аудиториясы үшін кітапхананың тартымдылығын арттырғымыз келеді. Шараның нәтижесіне өте ризамыз. Бұл біз үшін ғана емес, ІТ мамандары үшін де пайдалы тәжірибе болды. Олардың көпшілігі бұрын кітапханалармен жұмыс істемеген. Ақтобеден келген команда

тіпті, жергілікті кітапханадан кеңес сұрады. Біздің тәжірибемізді кітапхана саласындағы әріптестер қабылдайды деп ойлаймын, – дейді Н.Гоголь кітапханасының басшысы Айнуір Шаймұханбетова.

Жеңімпаздарды марапаттау рәсімі 18 қыркүйек күні Достық үйінде өтеді. Алдағы уақытта Семейден келген команда өз өнімдерін мұқият пысықтап, оларды кітапхана жұмысына енгізеді.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryaqqa Aqparat» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна МЯГКОВ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-35-37  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Призерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркелген етіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.  
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyq.kz@gmail.com; ortalyq.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyq.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВК2ХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 185

№ 102 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сатбаев к., 15.  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
Кезекші редактор **Жаная ОМАРБЕК**